



# **СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЛОГИСТИКАСЫ**

**Орындаған:Амантай Қ  
Тексерген:Амиралиева А  
Факультет:Фармация  
Курс:5**

ЖОСПАР



- **Зерттеу мақсаты** кәсіпорындағы көлік логистикасын дамытудың мәселелерін айқындау болып табылады.
- **Зерттеу міндеттері** – көлікпен қызмет көрсетуге анықтама беру, көлік логистикасының негізгі қағидаларын зерделеу және ұтымды бағытттарын пайдалануды қарастыру.
- **Негізгі мәселелер мен оларды шешу жолдары** – кәсіпорындары қызметінде пайдаланудың теориялық негіздері жете зерттелмегендіктен, тәжірибелік қолданудың қиындықтары туындап отыр.



- **Аталған мәселелерді шешу үшін** логистикалық компания ең алдымен үйлесімді тәсілдерді және әдістерді пайдаланып, өндіріс орнынан тарату орнына дейін тауарларды жеткізуді жоспарлау, ұйымдастыру және орындау арқылы тауарларды тиімді таратуды қамтамасыз ететін кешенін қалыптастыру болып табылады.



- Қазақстанның көлік жүйесі экономиканың маңызды саласы болып табылады және келесі түрлерді қамтиды: темір жол, теңіз, өзен, әуе, автомобиль, құбырлар. Көлік жүйесінің негізгі міндеттері – экономика салаларының қажеттіліктерін және жүк пен жолаушыларды тасымалдау мен орналастырудағы әлеуметтік ортаның қажеттіліктерін талап етілген көлем мен бағытта лайықты жақсартылған сервистік қызмет көрсетумен және уақытылы жеткізумен толық қамтамасыз ету.
- Тарихи Қазақстан барлық кезде дүние жүзілік сауданың маңызды көлік торабы болып табылды. Қазір Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің экономикасының шапшаң өсуі Қазақстанның ғаламдық көлік тармағына интегралдануы мәселелеріне ерекше маңыздылық береді.



- Соңғы уақытта өндірісшілердің және сауда фирмаларының тауарды өткізумен байланысты маңызды мәселелер кездеседі. Оның бір себебі тұтынушы сұранысы деңгейінің төмендеуі. Бұл құбылыс, өз кезегінде халықтың сатып алуға қабілеттілігінің төмендеуімен, теңгенің айырбас бағамының түсуімен, инфляциялық үрдістердің күшеюімен және тауар нарықтарында бәсекелестің күшеюімен байланысты. Берілген жағдайлар фирманы пайда алуға бағытталған баға саясатын өзгертуге мәжбүрлейді. Фирмалар тауарларды төмен бағамен сату, тауар партияларын қысқарту, өтім нарыңығын және дилерлік торабын кеңейту арқылы тауарға салынған капиталдың айналымын жылдамдатады.



# ТАУАРЛАРДЫ ТАРАТУДЫҢ КӨЛІК-ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- – үйлесімді тәсілдерді және әдістерді пайдаланып, өндіріс орнынан тарату орнына дейін тауарларды жеткізуді жоспарлаудың, ұйымдастырудың және орындаудың логистика функциясы. Автомобиль көлігінде көліктік-экспедициялық қызмет көрсету жеткізу жүйесі ретінде өндірушіден тұтынушыға дейін тауарды жеткізу және сонымен байланысты тийеу-түсіру, сақтау, сақтандыру, қаржы қызметтері, ақпараттық үрдістер және құжатты жүргізу жұмыстарын қамтиды. Тауарларды тиімді таратуды қамтамасыз ететін кешені, бір қатар жұмыстарды, операцияларды және қызметтерді, орындайтын үрдісті тауарларды жеткізу деп атайды [1].



## КӨЛІКПЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- тасымалдау, түйеу және түсіру, сақтау қызметтерін уақытында көрсету және кеңістікте жүктерді тасымалдау үрдісімен байланысты көліктік-экспедициялық кәсіпорындардың іс-әрекеті ретінде анықталады. Экспедициялық қызмет көрсету өндірушіден тұтынушыға дейін тауар қымылы үрдісінің құрама бөлігі болып табылады және қосымша жұмыстарды, операцияларды орындаудан тұрады. Экспедициялық қызмет көрсетуде экспедициялық, коммерциялық-құқықтық және ақпараттық-кеңестік қызметтер көрсетіледі [2]. Сүйтіп, тауарларды тарату жүйесінде көлік қызметтері көлік және экспедициялық қызметтерді орындаудан тұрады.





# АВТОКӨЛІК ТАСЫМАЛДУАЛАРДЫҢ ЖІКТЕМЕСІ

- Су көлігі (теңіз және өзен) Қазақстанның бірыңғай көлік жүйесінің құрама бөлігі болып табылады. Республика аймағы бойынша қалаларды, ауылдарды және ауылдық бөлімшелерді қосатын тасымалдау қатынас жолдары болып қызмет ететін өзендер ағады. Сондықтан тек экономикалық қана емес, сонымен қатар географиялық жағдайлардың арқасында су көлігі халықаралық және Қазақстан Республикасының ішкі экономикалық байланыстарын қамтамасыз ететін ең маңызды фактор болып табылады. Бұл жерде теңіз флотының аралас «өзен-теңіз» жүзу кемелерін пайдалана отырып, қатынас жолдарын барынша белсенді меңгеріп жатқанын айта кету керек.
- Қазақстанның су көлігі келесі міндеттерді шешеді:
- - теңіз сыртқы сауда тасымалдауын қамтамасыз ету, бұл соңғы жылдары елді дүние жүзілік экономикалық жүйеге интегралдау курсына өткізуге байланысты ерекше маңыздылыққа ие болды;
- - халық миграциясы және әр түрлі жүктерді тасымалдау қажеттілігі шұғыл өскен кезде жазғы (навигациялық) кезеңде ішкі жүк және жолаушы тасымалдауын қамтамасыз ету;
- - Каспий аймағында тасымал қызметін көрсету, бұл жерде су көлігі күрделі жүктер партиясын тасуға қабілетті іс-жүзіндегі бірден-бір тасымал түрі болып табылады;



- аратудың логистикалық арнасын қалыптастырудан соң, өндірісшіден тұтынушыға жеткізуде тауарлардың физикалық қимылы үрдісінде көлікті басқарудың міндеттері ендігілер:
- 1. Көлік түрін таңдау және жүкті бір көліктен екінші көлікке аударғанда орнын анықтау.
- 2. Қимылдың көлік үшін еркін трассасын анықтағанда (мысалы, автокөлік үшін) осы қимылды маршруттау, яғни жол желісін анықтау.
- 3. Логистикалық тізбек бойынша тауарларды жеткізуде көлік қимылын басқару және бақылау қажет.
- Осылардың әр қайсысын бөлек қарастырайық. Көлік түрін таңдау альтернативтісіз болуы мүмкін және өндірісшінің орналасқан жерімен, шоғырландыру және тарату орталықтарымен, делдалдар санымен және олардың сипатымен, тұтынушылардың санымен және орналасқан жерімен, олардың құлықтарымен анықталады.
- Кейбір жағдайларда тасымалдауда (мысалы, жүкті бір жерден екінші жерге жеткізуде темір жол көлігімен да, автокөлікпен жеткізілетін болса) бір нұсқауды таңдау күрделі көпфакторлы міндет болып табылады. Оның шешімі шешім қабылдаушының талантымен және тәжірибесімен анықталады. Ондай шешімді қабылдауда тасымалданатын жүктің және көлік түрлерінің қасиеттерін, сондай-ақ тасымалдаушы-фирманың нарықтағы жағдайын білу қажет. Мұнда тасымалдаушының көлікпен басқару стратегиясының болғаны, қосымша онымен көрсетілетін қызметтері, және бүкіл тасымалдау үрдісін бақылау және ақпараттандыру деңгейі ескеріледі.



## ҚОРЫТЫНДЫ

- Халықаралық көлік-логистикалық орталығы теңіз, темір жол, автомобиль және әуе жолын (Ақтау халықаралық әуежайы) ықпалдастыру үшін көп функциональды терминалды кешені болып табылады, онда өндірістік-техникалық, банктік, ақпараттық, консалтингтік-талдау қызметін көрсетуді және көліктік-логистикалық сервистің басқа да түрлерін қоса алғанда, сервистік және коммерциялық-іскерлік қызмет көрсетулердің толық спекторы іске асырылатын болады. Осыған сатып алушыларды іздестіру кезеңінде тауарларын баж салығынсыз жинақтайтын аумақ та кіретін болады.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1. Гаджинский А.М. Логистика. – М.: Дашков и Ко, 2004.
- 2. Логистика / Под ред. Б.А. Аникина. 2–е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2001.
- 3. Қарғабаева С.Т., Қазақстан Республикасында еркін экономикалық аймақты басқаруды жетілдіру, Экономика ғылымдары кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2009.

